

# Желтоқсан - тәуелсіздік шежіресі





© Worldpr

Дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының қанды ызғары бүкіл одақ көлемін шарпып, Грузияда, Прибалтикады, Ресейдегіоқиғалардың тұтануына
тарихи әсерін тигізді.Қызыл империяның ошағы болған КСРО –ның ыдырауына әкеп соқты.1-жүргізуші.1
986 жылдың 16 желтоқсанында Республика орталық Комитетінің 5 пленумы болды.Небәрі 18 минутқа созылған осы пленумда республиканы ширек ғасыр
бойы басқарып келеген Дінмұхамет Ахмет ұлы Қонаевтың орнына Г.В.Колбин сайланды.







**Қайрат Рұсқұлбеков 1966-1988 ж.ж**

Желтоқсан құрбаны- Қайрат Рұсқұлбеков Алматы архитектура құрылыс институтының студенті.

1988 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі оған берілген ату жазасын 20 жыл бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырды.1988 жылғы мамырда-қайтыс болды.

1996 жылғы 9 желтоқсан – «Халық қаһарманы» атағы берілді.





**Балалық шағы**



**Әскердегі кезі**



**Қайраттың студенттік шағы**



**Қайраттың отбасы**



# Ләззат Асанова

Ләззат Асанова 1970 жылы қазіргі Алматы облысы Жаркент ауданына қарасты Айдарлы ауылында дүниеге келген. Жастайынан зерек өскен бала орта мектепті үздік бітіріп, Алматыдағы Чайковский атындағы музыка училищесіне өз талантымен оқуға түсті.



Лəззат
12 жаста 1982 ж



*Лəззат бауырларымен*



*Лəззат 10 жаста*
*1980 жыл*



Лəззат музыкалық училищенің
студенті болған кезінде




*Жаркент қаласының орталығында Желтоқсан көтерілісінің құрбандары Ләззат Асанова мен Ербол Сыпатаевқа қойылған ескерткіш*




**Ләззаттың анасы Алтынай Асанова Алматыдағы Республика алаңында қызының рухына тағзым етуде. 17 желтоқсан. 2007**

**Қайраттын жазған хаты:**

Әкетай-ау пайғамбардай жасың бар,
Туа бермес сіз секілді асылдар.
Қартайғанда жүрегіңді жаралап,
Кесір болды-ау біз секілді масылдар.
Айналайын, қарындасым, қарағым,
Қолда кісен, мен айдауға барамын.
Қайғы шегіп азап тартқан ағаңды,
Айтшы жаным, қандай жанға баладың?
Айналайын, інішегім,құлыным,
Сені ойласам үзіледі жұлыным.
Сенің ерке ақ жүзіңді көре алмай,
Кетіп барам мен айдауға , құлыным.

# Қайраттың қарындасының хаты

Кеше ғана базарлы еді біздің үй,
Күнде думан көтеріңкі көңіл-күй.
Бүгін жым-жырт, әлдеқайдан бәз біреу,
Дегендей –ақ бар сырыңды ішке түй.
Біле алмаймын, құйын шарпып өткен бе?
Аға-әпкемдер бәрі есейіп кеткен бе?
Ойнатпайды, ойнамайды менімен,
Әлдекім кеп күлмеңдер деп сөккен бе?
Әкем де үнсіз, айналмайды аймалап,
Терезеден отырғандай ай қарап.
Адамның да дауысында діріл бар,
Көз жанары тоқтамайды тайғанап.

**Қайраттың ақтық сөзі:**

Қайрат деген атым бар,
Қазақ деген затым бар,
Күнәдан таза басым бар,
Жиырма бірде жасым бар,
Қасқалдақтай қаным бар,
Бозторғайдай жаным бар,
«Еркек тоқты-құрбандық»
Атам десең, атыңдар!

# ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ

- Бұл ерліктің тарихы
- Республикадағы халқымыздың рухани жеңісі
- Демократияға жол ашу
- Тәуелсіздіктің алғашқы беті

